

Қысқа мерзімді жоспар

Сабақ: қазақ тілі мен әдебиеті	Мектеп: «№ 1 орта мектебі» КММ	
Күні: 15.10.19 ж.	Мұғалімнің аты-жөні: Бекмағамбетова Л.Ж.	
Сынып: 5 «А»	Қатысқандар: 12	Қатыспағандар: 0
5-тақырып. Сабақтың тақырыбы: «Қазақстан барысы».		
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	<p>Т3.Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.</p> <p>А5. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу.</p> <p>О3.Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау.</p> <p>Ж1.Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу.</p>	
Сабақ мақсаттары	<p>Барлық оқушылар орындай алады: Тақырыпқа байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді.Тірек сөздерді біледі. мәтіндер құрауда үндестік заңын ескереді, қазақ тіліндегі төл дыбыстарды дұрыс дыбысталуына көңіл бөледі.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша балық қанқасын жасайды. Мәтіннің тақырыбын анықтайды.</p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: Жұмыста шығармашылық танытып, балық қанқасын жасауда ерекше идея ұсынады.</p>	
Тілдік мақсат	<p>Оқушылар орындай алады: Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді. мәтіндер құрауда үндестік заңын ескереді, қазақ тіліндегі төл дыбыстарды дұрыс дыбысталуына көңіл бөледі.Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша балық қанқасын жасайды.</p>	
	<p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Барыс, қабан,аяқтан шалу, ептілік, төзімділік, мүйізтұмсық, жариялау,жыртқыш, ырылдау, алдау,борсық, арқар.</p>	
	<p>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған тіркестер: 2-4 минут ішінде тыңдалым ұзақтығы 150-200 сөз. Жазылым 60-100 сөз жазады, тақырып аясында 4-6 сөйлем диалогке түседі. 4-6 сөйлеммен монологке түседі.</p>	
	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мультфильм не туралы? - Жануарлардың атын аташы? - Барысты атасы жарысқа қалай дайындады? - Не себепті барыс жеңіске жетті деп ойлайсың? 	
	<p>1. Тақырыпқа байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің</p>	
Бағалау		

критерийлері:	мағынасын түсінеді. 2. Мәліметтерді жинақтайды. 3. Тақырып бойынша балық қанқасын жасайды. 4. Мәтіндер құрауда үндестік заңын ескереді. 5. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс дыбыстайды.
Құндылықтар:	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының 7 құндылықтарының бірі- қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісімді, әділдік пен жеңімпаздықты насихаттау.
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет, тарих, орыс тілі және ағылшын пәндері.
	Ишара: Сергіту жаттығулары

Алдыңғы оқу: Қазақстанның жануарларын және олар туралы қосымша ақпараттарды біледі.

Жоспар

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<p>Сабақтың басы (5 мин.)</p> <p>Сабақтың ортасы (30мин.)</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Сәлеметсіз бе балалар! - Балалар көңіл-күйлеріңіз қандай? - Көңіл-күйлерін жақсы болса, ортаға шығып, шаттық шеңбер құрайық! <p><i>Біз балдырған баламыз, Бір шаңырақта тұрамыз. Бір-бірімізге жылы сөз, Жақсы тілек айтамыз.</i></p> <p>Балалар бір-біріне лентаны беріп тілек айтады. Балалар үстелдің үстінен суреттерді аламыз 2 топқа бөлінеміз. 1 топ- Барыс 2 топ- Аю</p> <p>Үй тапсырмасын «Білім туннелі» тренингі арқылы алдыңғы сабақты еске түсіреміз. «Білім туннелі» әдісі оқушылар топ бойынша қарама-қарсы тұрып, өткен тақырып бойынша бір-бірінің сұрақтарына жауап береді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тиін кімнің үстіне құлап түседі? Тиін қасқырдың үстіне құлап түседі. 2. Қасқыр тиіннен не туралы сұрады? Мені жеме жіберші! Дос болайық. 3. Тиін қасқырға не дейді? Ешкімге жамандық жасамаймыз, біз мейірімдіміз. 4. Қасқыр өзгерді ме? Мейірімді болуға тырысып жүрді. 	<p>Қазақ тілі оқулығы, 5-сынып. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбек ова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Ахмет ова, Қ.С.Жайлаубаева.</p> <p>Интербелсенді тақта, флипчарт, маркерлер.</p>

Жаңа сабақты «**Кинометафора**» әдісі арқылы фильм мәтіні тыңдалады.

-Балалар қазір біз мультфильм көреміз.

Содан соң балалар тыңдалған мәтін арқылы сұраққа жауап береді.

- Мультфильм не туралы?
- Мультфильмде қандай кейіпкерлер кездеседі?
- Қалай ойлайсындар бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай?

Аңдардың арасында кім күшті? Барыс дұрыс.

Ендеше сабақтың тақырыбы қандай:

Қазақстан барысы.

Сабақтың мақсаты:

Тақырыпқа байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіне алу.

Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап бере алу.

Шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтай алу.

Оқушылар сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтады.

ҚБ «Керемет!», «Жақсы!» сөздері арқылы бағалаймын.

Балалар дұрыс ендеше біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыз «Қазақстан барысы» туралы мультфильм негізінде болмақ!

Ал енді «Қазақстан барысы» тақырыбы арқылы біз әр берілген тапсырмаларды орындаймыз.

-Қазір балалар жаңа сөздермен танысамыз.

1 – тапсырма.

Сабақтың жаңа сөздері:

Барыс – барс

Қабан – кабан

аяқтан шалу – сбить с ног

ептілік – ловкость

төзімділік – выносливость

мүйізтұмсық – носорог

жариялау - объявить

жыртқыш – хищник

ырылдау – рычать

алдау – обман

борсық – барсуқ

арқар – архар

Дескриптор:

- сөздікпен жұмыс жасай алады.
- түсінбеген сөздердің мағынасын сөздіктен қарайды.
- жаңа сөздермен жұмыс жасайды.
- жаңа сөздер мен тірек сөздердің аудармасын табады.

Балалар мәтінмен жұмысты веер ойын арқылы өткіземіз.

2 - тапсырма: «Веер» ойын арқылы сұраққа – жауап береміз.

Балалар әр топ веерде жазылған сұраққа – жауап беріндер.

1. Бүркіт қандай жарыс өткізбекші болды?
2. Жарысқа қандай аңдар қатысты?
3. Барыс жарысқа қалай дайындалды?
4. Оған атасы қандай ақыл айтты?
5. Атасы барысты қайда дайындайды?
6. Жарысқа қай аңдар төреші болды?
7. Шешуші сайыста қай аң жеңді?
8. Сайыс қай аңның атымен аталатын болды?

Сергіту сәті «Достар әні»

3 – тапсырма. Жұмбақтарды шешу.

Ал 1 топ 2 топқа жұмбақты оқиды. Жұмбақты понтомима арқылы шешейік. Ендеше тақтаға бір оқушы шығып аңдардың қозғалысын көрсетеді. Әр топ бұл кім екенің айтады. Жауабын қазақ тілі мен ағылшын тілінде айтамыз.

1 – топ

Жазда қыдырады,
Қыста тынығады. (*аю*)

- Аю қандай?
үлкен, мейірімді.

2- топ

Жол бойында жортқан,
Сыбызғысын тартқан. (*қасқыр*)

- Қасқыр қандай?
Қатал, зұлым.

1 топ

Халық қу деп,
Қылған күлкі.
Айласы көп,
Бұл – не? (түлкі)
- Түлкі қандай?
Қу, айлакер.

2 топ

Күркіреген күндей үні бар,
Жүрегiнiң түгi бар.
Жануарлар табынар
Аң патшасын тауып ал. (арыстан)
- Арыстан қандай?
Патша, ақылды.

1 топ

Тарғыл-тарғыл тас па?
Тастан бірақ басқа.
Мекені қамыста,
Бұл саған таныс па? (жолбарыс)
- Жолбарыс қандай?
Жыртқыш аң.

2 топ

Қалқиып ұзын құлағы,
Елеңдеп қорқып тұрады. (қоян)
- Қоян қандай?
қорқақ, ақ.

Аю – Bear – бэр

Қасқыр – Wolf – вулф

Түлкі – Fox – фокс

Арыстан – Lion – лайон

Жолбарыс – Tiger – тайгэр

Қоян – Hare - хэа

-Балалар көңіл-күйлеріңіз қандай?



-Енді балалар жазбаша жұмысын өткіземіз.

4 – тапсырма. Төмендегі әріптерден
басталатын төрт сөз жаз.

Б	бүркіт	борсық	балық	бала
А	арқар	ата	аю	аң
Р	рақмет	риза	раушан	рас
Ы	ыдыс	ырылдау	ыстық	ырым
С	сайыс	сәлем	саусақ	сәбіз

-Балалар әр топ балық қаңқасына жаңа
тақырыпқа байланысты сөздерді жазады. Қай

плакаттар

	<p>топ жазған сөздері көп болса, сол топ жеңімпаз болып атанады.</p> <p>5 – тапсырма. «Балық қанқасын» жасау.</p> <p>«Қазақстан барысы» </p> <p>«Кім күшті?» сайысы</p> <p>Бүркіт сайыс жариялады.</p> <p>Аю, жолбарыс, қасқыр, қоян, барыс, арқар қатысты.</p> <p>Барыс көп дайындалды.</p> <p>Атасы ақыл айтты.</p> <p>Барыс аюды жеңді.</p>	
<p>Сабақтың соңы (5 мин.)</p>	<p>Кері байланыс: «Ағаш» әдісі</p>  <ul style="list-style-type: none"> - Балалар партаның үстінен барысты алып түске бояндар. - Қызыл түспен бояу - мен бүгін бәрін жақсы орындадым көңіл – күйім көтеріңкі. - Жасыл түспен бояу – мен бүгін бәрін толық орындаған жоқпын. - Сары түспен бояу – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл- күйім жоқ. <p>Барысты бояған соң ағашқа іліп қоямыз.</p> <p>Үй тапсырмасы: 65 б., 10- тапсырма.</p>	<p>Кері байланыс</p>
<p>Қосымша ақпарат</p>		

<p>Саралау-оқушыға қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түсіндіресіз?</p>	<p>Бағалау-оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс.</p>
<p>Оқушылар тапсырмаларды орындайды, шығармашылық танытып, балық қанқасын жасауға ерекше көңіл бөледі.</p>	<p>Сабақ кезінде оқушылардың оқуын тексеру үшін қалыптастырушы бағалау тәсілін қолданамын.</p>	<p>Оқушылармен сергіту сәтін өткізу арқылы денсаулығын қадағалауға және сабақ барысында қауіпсіздік техникасын сақтауларын ескертіп отыру.</p>
<p>Рефлексия Сабақтың оқу мақсаттары мен міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау іске асты ма? Уақытымды қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>	<p>Оқу мақсаттары орындалды.</p> <p>Бүгін оқушылар ертегі туралы білді. Тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінді. Жұмбақтағы сөздерді үш тілге аударып, сөз тіркестерін құрастырды.</p> <p>Жоспарланған саралауым іске асты, оқушылармен тапсырмаларды жүргіздім.</p> <p>Жоспарыма келесі жолы тақырыпқа сәйкес тиімді әдіс – тәсілді көбірек алуды енгіздім, себебі бүгін жазылым дағдысы орындалды.</p>	
<p align="center">Қорытынды бағамдау</p> <p>1. Ең жақсы өткен екі нәрсе (стратегия)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Кинометафора» әдісі. 2. «Балық қанқасы» әдісі. 		

2. Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді?

- 1.Топтық жұмыс формасын қолдану.
- 2.Жоғары дәрежелі сұрақтардың қойылуы.

3. Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажетті болуы мүмкін қандай ақпараттар білдім?

1. Дарынды балаларға шығармашылық тапсырмаларды көбірек беру.
2. Бағалауда топтық жұмыстың маңыздылығын білдім.